

Қызмет бабымен шетелге шығудың тәртібі және шетелдік іссапарларға валюта қаржысының жұмсалуды бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 20 шілде 1993 ж. N 630. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.01. N 187 қаулысымен.

Қызмет бабымен шетелге шығуды ретке келтіру, шетелдік іс сапарлардың тиімділігін арттыру және іссапарға жіберуші ұйымдардың валюта қаржысын жұмсаудағы жауапкершілігін күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қызмет бабымен шетелге шығудың тәртібі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдері, ұйымдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары:

- қызмет бабымен шетелге шығудың тәртібі туралы Ережемен бекітілген тәртіпті қатаң сақтауға, валюта қаржысын тиімді пайдалануға, шетелдік іссапарлар жөніндегі есеп пен есеп беруді ұйымдастыруға қажетті шаралар қабылдасын;

- коллегияларда, мәжілістерде, ғылыми-техникалық кеңестерде қызмет бабымен шетелге барып келген қызметкерлердің есебін үнемі тыңдап отырсын.

3. Министрліктер мен ведомстволар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері тоқсан сайын:

- шетелдік іссапарларға валюта қаржысын пайдалану туралы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне;

- шетелдік іссапарлардың нәтижелері туралы есеп жайында - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ақпарат беріп отырсын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі.

- министрліктер мен ведомстволарға, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне шетелдік паспорттарды ресімдеу және шет мемлекеттердің визаларын алу жұмысын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдерде болу режимі мен жағдайын хабарлап тұру үшін қажет анықтамалық және басқа реттеуші материалдарды үнемі жіберіп отырсын;

- өз құзыры шеңберінде министрліктер мен ведомстволардың, облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдерінің шетелдік іссапарларын

ұйымдастыру және олардың тиімділігін арттыру жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етсін, жылына екі рет - шілде мен қаңтар айларында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетін осы саладағы істің жайы және шетелдік іссапарларын жүзеге асыруда байқалған кемшіліктер туралы хабардар етуді қоса алғанда оны, жетілдіру жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Мемлекеттік өкімет пен басқару органдары ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар мен мемлекеттік банкілер қызметкерлерінің осы мақсатқа көзделмеген қаржы есебінен, сондай-ақ қабылдаушы жақтың есебінен екі жақты келісімдермен валютасыз негізде көзделгендегіден басқа уақытта шетелдік іссапарларға шығуына тыйым салынсын.

6. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі:

- министрліктер мен ведомстволарға Республикалық валюта қорынан шетелдік іссапарларға бөлінетін валюта қаржысының лимитін;

- мемлекеттік ұйымдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың валюталық түсімі барларының шетелдік іссапарларға валюта қаржысын жұмсау тәртібі туралы ережесін;

- Қазақстан Республикасының қызмет бабымен шетелге шығатын қызметкерлері үшін іссапар шығынының орнын толтыру нормаларын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізісін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті шетелдік іссапарларына барған кезде ұлттық қауіпсіздік органдарынан сұрау салынбайтын адамдардың тізбесін әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізісін.

8. "Қызмет бабымен шетелге шығудың тәртібін жетілдіру туралы" СССР Министрлер Советінің 1989 жылғы 16 тамыздағы N 661 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1989 жылғы 29 қыркүйектегі N 301 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 20 шілдедегі
N 630 қаулысымен
Бекітілген

**Қызмет бабымен шет елге бару тәртібі туралы
Ереже**

I. Жалпы ережелер

1. Мамандар мен делегациялардың қызмет бабымен шет елге іссапарға баруы Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен ынтымақтасуының маңызды нысаны болып табылады.

Шет елге іссапарға кәсіби жағынан неғұрлым әзір қызметкерлер жіберіледі.

Шет елге жіберілетін мамандарды іріктеп алу мен даярлау олардың шет елдегі жұмысының тиімділігі үшін іссапарға жіберуші ұйымдардың басшылары жауап береді.

2. Мамандар мен делегацияларды қызмет бабымен шет елге іссапарға жіберген кезде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, қолданылып жүрген заңдардың, контракттарды, халықаралық ынтымақтастық жоспарларын басшылыққа алып, сапарлардың саяси және экономикалық тұрғыдан тиімділігін ескеру қажет.

3. Іссапарға жіберуші ұйым қабылдаушы жақпен, ал қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерімен делегациялар мен мамандардың сапарға шығатын күнін, бағдарламасын және шет елде болуы мерзімін келісіп алуды қамтамасыз етеді.

4. Сапарлардың саяси сипаты болған жағдайда және Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетаралық ұйымдармен және мемлекеттермен қарым-қатынасының жайына әсерін тигізетін болса, іссапарға жіберуші ұйым делегацияларды немесе жекелеген мамандарды шет елге жіберу жайын міндетті түрде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келіседі.

II. Шет елге іссапарға жіберу туралы шешім қабылдау

5. Делегациялар мен мамандардың қызмет бабымен шет елге баруы туралы шешімді, іссапардың мерзіміне қарамастан, кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың басшылары, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын іссапарларды қоспағанда, барлық санаттағы қызметкер жөнінде өздігінен қабылдайды. Мемлекеттік құпияның сақталуы мақсатында іссапарға жіберуші ұйымдар сапарға шығатын қызметкерлердің мемлекеттік құпиядан хабардарлығын анықтау үшін Ұлттық қауіпсіздік органдарына алдын-ала өтініш жасайды. Ұлттық қауіпсіздік органдары мұндай сауалдарға 15 күн ішінде жауап береді. < * >

Мемлекеттік құпиядан хабардарлығы мәселесі жөнінде ұлттық қауіпсіздік органынан өтініш жасау мерзімдігі - бес жылда бір рет (егер іссапарға шығушы жұмыс орнын ауыстырмаса).

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.23. N 1052

қ а у л ы с ы м е н .

6. Лауазымды тұлғаларды мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен шетелге іссапарға жіберу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша жүзеге асырылады. < * >

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.23. N 1052

қ а у л ы с ы м е н .

7. Мемлекеттік құпиядан хабардар мамандардың шет елге баруы тапсырманы орындауға олардың тікелей қатысуы қажет болған жағдайда және ұлттық қауіпсіздік органдарының пікірін, іссапардың мерзімін және баратын елдің жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады.

8. Ұлттық қауіпсіздік органдарынан сұрау салынбайтын адамдардың, сондай-ақ мемлекеттік құпиядан хабардарлығына байланысты шет елге баруына шектеу жасалмайтын адамдардың тізбесі белгіленген тәртіппен айқындалады.

9. Делегациялар мен мамандардың шет елде болу мерзімін іссапарға жіберуші ұйым анықтайды.

Қаржы жағы болған жағдайда Қазақстан Республикасының Елшілері, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдері делегациялар мен мамандардың шет елде болу мерзімін ұзарта алады және шет елде іссапарда жүрген мамандардың үшінші елдерге баруына рұқсат ете алады. Үшінші елдерге бару және іссапар мерзімін ұзарту туралы шешім іссапарға жіберуші ұйымдармен келісім бойынша қабылданады.

III. Шетелдік паспорттарды ресімдеу және шет мемлекеттердің визасын алу

10. Ұлттық шетелдік паспорттар енгізілгенге дейін "Қазақстан Республикасының азаматы" деген белгі соғылған бұрынғы СССР-дің жалпы азаматтық шетелдік, қызметтік және дипломатиялық паспорттары жарамды болады.

11. Жалпы азаматтық шетелдік паспорттарды Ішкі істер министрлігі аумақтық принцип бойынша береді.

12. Сыртқы істер министрлігі қызметтік және дипломатиялық паспорттарды ресімдейді. Мұндай паспорттар тиісті нормативті актілердің талаптарына сәйкес беріледі.

13. Шет елге бару құжаттарын ресімдеу үшін іссапарға жіберуші ұйым бұған қажетті құжаттарды мына органдарға жібереді:

а) Сыртқы істер министрлігіне:

- Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің

Аппараты, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі, министрліктер, орталық ведомстволар мен мекемелер - барлық жағдайларда;

- облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері - бару үшін виза ресімдеу талап етілетін елдерге іссапарға шығу кезінде;

- мемлекеттік, қоғамдық және басқа кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдар - бару үшін виза ресімдеу талап етілетін елдерге іссапарға шығу кезінде, егер шет ел елшіліктері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан болса.

ә) Ішкі істер министрлігіне:

- облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері - азаматтардың визасыз негізде жүріп-тұруы туралы келісім жасалған елдерге іссапарға шыққан к е з д е ;

- мемлекеттік, қоғамдық және басқа кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдар аумақтық принцип бойынша - азаматтардың визасыз негізде жүріп-тұруы туралы келісім жасалған елдерге іссапарға шығатын немесе бару үшін виза ресімдеу талап етілетін, бірақ олардың елшіліктері Алматы қаласында орналасқан елдерге баратын кезде.

IV. Шет елге теңіз, әуе жолымен, темір жол және автомобиль көлігімен сапарға жіберу тәртібі туралы

14. Шет елге теңіз жолымен сапарға жіберу Қазақстан Республикасының шет елге шығатын кемелері бар министрліктері мен ведомстволары тізбесін бекітетін пароходстволардың, өндірістік бірлестіктердің және басқа ұйымдардың шешімі негізінде, осы Ереженің 5-тармағында көзделген тәртіпті сақтай отырып жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Осы тәртіп шет елге баратын кемелер экипажының құрамында жұмыс істеуге ұсынылған адамдарды, кәсіпорындар мен ұйымдардың шет елге үнемі шығып тұратын мамандарын жұмысқа алуға ресімдеген кезде қолданылады.

Мұндай адамдарды, сондай-ақ жүзу құрамының қызметкерлерін шет елге жіберу туралы шешім оларды шет ел қоғамдары мен компанияларының кемелерінде жұмысқа жіберу үшін негіз болып табылады.

Кеме экипаждарының мүшелерін сапарға жіберу туралы шешім, бұған бөгет жасайтын себептер туындамаса, шет елге баратын кемелердегі еңбек қызметінің бүкіл кезеңіне жарамды болып табылады. Қызметкер саладан жұмыстан шығарылған кезде оны шет елге жіберу туралы шешім күшін жояды.

15. Шет елге әуе жолымен сапарға жіберу Қазақстан Республикасының шет елге шығатын әуе кемелері бар министрліктері мен ведомстволары тізбесін бекітетін Қазақ азаматтық авиация басқармасының, өндірістік бірлестіктердің

және басқа ұйымдардың шешімі негізінде, осы Ереженің 5-тармағында көзделген тәртіпті сақтай отырып жүзеге асырылады.

Осы тәртіп шет елге үнемі шығып тұратын әуе кемелері экипажының құрамында ұшуға ұсынылған адамдарды шет елге ұшу үшін алғаш рет ресімдеген кезде ғана қолданылады.

Әуе кемелері экипажының мүшелерін сапарға жіберу туралы шешім, бұған бөгет жасайтын себептер туындамаса, шет елге бірнеше рет ұшып баратын бөлімше құрамындағы еңбек қызметінің бүкіл кезеңіне жарамды болып т а б ы л а д ы .

Әскери әуе кемелерінің экипаждарын шет елге сапарға жіберуді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

16. Визасыз режим туралы келісім жасалған елдерге әуе кемелерінің құрамы келу-кету визасын алмай-ақ ұша береді.

Шет мемлекеттің заңдары бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелері экипаждары мүшелері үшін келу-кету визасының болуы көзделген болса, шетелдік паспорттарды ресімдеу және виза алу осы Ереженің III бөліміне с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

17. Халықаралық темір жол және автомобиль қатынасы қызмет көрсететін қызметкерлердің шет елге баруы тізбесін Көлік министрлігі бекітетін темір жол басқармаларының, өндірістік бірлестіктердің және басқа ұйымдардың шешімі негізінде, осы Ереженің 5-тармағында көзделген тәртіпті сақтай отырып жүзеге а с ы р ы л а д ы .

18. Қызмет бабымен шет елге баруға арналған құжаттарды ресімдеу, шетелдік паспорттарды және шет мемлекеттердің бару визаларын алу тәртібі туралы нұсқауды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Ішкі істер министрлігі Қазақстан республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің келісуімен әзірлейді және бекітеді.

Аталған нұсқауды, сондай-ақ мамандардың қызмет бабымен шет елге іссапарға баруын ресімдеуге қажетті құжаттардың үлгілерін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Ішкі істер министрлігі таратады .